

## ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУШІЛІКТІ ЖОЮ КОМИТЕТІ

**Орымбай Әсел Даулетқызы, Оңайжанова Гүлдана Асанқызы**

[asel.orinbai.kz@gmail.com](mailto:asel.orinbai.kz@gmail.com) ; [onaizhanova.guldana@mail.ru](mailto:onaizhanova.guldana@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығының 3-курс студенттері

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекші - Мурзағалиев Е.Ч.

### *Аннотация*

**Ғылыми мақаланың тақырыбы:** Қоғамдағы әйелдердің құқықтық теңдігі. Әйелдердің орны мен ие болатын құқықтары. Адамдардың арасында алаланбай, өз еркіндігін пайдалана алуы. Осы мәселелердің орындалуын қадағалайтын Комитет және оның еңбек тарихы, жұмыс барысы, мақсаты мен міндеттері.

**Ғылыми мақаланың мақсаты:** Әйел - жаны нәзік, болмысы бөлек, солай бола тұра мойнына артылған ауыр жүктерді арқалай жүріп, өмірлік міндет етілген қызметтерін атқара білетін жаратылыс. Қоғамның бөліктері ретінде еркек, әйел және бала қарастырылады. Осының ішінде әйелдерді қанап, билеу, күң етіп қорлау, сөзін елемей, ісін өндірмей 'өмірін' тас-талқан еткен заманның қай елдің тарихында болмасын орын алғандығы барлығымызға аян. Бейбіт елдерде әйел болмысы тапталмауын қадағалайтын Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою Комитеті бар екендігін, оның жұмысының нәтижесімен таныса отырып, ары қарай мемлекет ретінде қолдау танытуды алға тарту-біздің негізгі мақсатымыз. Әлі де жер шарының түкпір-түкпірінде әйелді адам есебіне қоспай жүрген ұлт немесе ұлттың ішіндегі топтар бар болуы мүмкін. Солардың ойын жоққа шығарып, әр жаратылыстың орны бар екендігі мойындалуы қажет. Орын алған әйелдерге қатысты кемсітушілік жағдайы болса, оның дұрыс шешіммен қорытындылануы тиіс.

**Ғылыми мақаланың кілт сөздер:** кемсітушілік, теңдік, құқықтық әділдік, сауатсыздық, кедей әйел, жесір әйел, көпбалалы әйел, комитет, конвенция, БҰҰ Бас Ассамблеясы, Бас хатшылық, қатысушы мүшелер, сарапшылар.

**Ғылыми мақаланың қорытындысы:** Барлық әйелдердің отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқылығы, адам құқықтары мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез-келген басқа саладағы негізгі бостандықтары негізінде олардың мойындауына, пайдалануына немесе жүзеге асыруына бағытталған жыныстық белгісі бойынша кез-келген айырмашылық, алып тастау немесе шектеуге ұшырамай, еркін, әділ өмір сүруі қажет.

### *Аннотация*

**Тема научной статьи:** Правовое равенство женщин в обществе. Место и права женщин. Уметь пользоваться своей свободой, не обманываться среди людей. Комитет по контролю за исполнением этих вопросов и его история труда, ход работы, цели и задачи.

**Цель научной статьи:** "Женщина-это существо, которое умело выполнять жизненно важные функции, преодолевая тяжкие грузы, связанные с ним. Как части общества рассматриваются мужчина, женщина и ребенок. Всем известно что в истории каждой страны была дискриминация женщин, насилие торговля женщинами и рабство женщин. Ознакомившись с результатами работы Комитета по ликвидации дискриминации в отношении женщин, который следит за тем, чтобы в мирных странах не существовало дискриминация женского пола, наша основная цель-продвигать дальнейшую поддержку как государство. По-прежнему уголках планеты, есть группы нации и национальности которые все еще не считают женщин за человека. Они должны опровергать их мнение и признать,

что есть место каждого творения. При наличии имевшей место дискриминационного положения в отношении женщин, он должен заключаться с правильным решением.

**Ключевые слова научной статьи:** дискриминация, равенство, правовая справедливость, неграмотность, бедная женщина, вдова, многодетная женщина, комитет, конвенция, Генеральная Ассамблея ООН, Генеральный секретариат, участники, эксперты.

**Заключение научной статьи:** Все женщины независимо от семейного положения должны свободно, беспристрастно жить без всякого различия, исключения или ограничения по признаку пола, направленного на равноправие мужчин и женщин, защиту прав человека и основных свобод в политической, экономической, социальной, культурной, гражданской или любой другой области на основе их признания, использования или осуществления.

*Annotation*

**Topic of the scientific article:** Legal equality of women in society. Women's place and rights. Be able to use your freedom, not to be deceived among people. The Committee for monitoring the implementation of these issues and its work history, progress, goals and objectives.

**The purpose of the scientific article:** "A woman is a creature that is able to perform vital functions, overcoming the heavy loads associated with it. A man, a woman, and a child are considered as parts of society. Everyone knows that in the history of every country there has been discrimination against women, violence, trafficking in women, and slavery of women. Having seen the results of the work of the Committee on the elimination of discrimination against women, which ensures that there is no discrimination against women in peaceful countries, our main goal is to promote further support as a state. Still corners of the planet, there are groups of Nations and nationalities that still do not consider women as human. They must refute their opinion and recognize that there is a place for every creation. If there has been a discriminatory situation against women, it must be concluded with the right solution.

**Keywords of the scientific article:** discrimination, equality, legal justice, illiteracy, poor woman, widow, woman with many children, Committee, Convention, UN General Assembly, General Secretariat, participants, experts.

**Conclusion of the scientific article:** all women, regardless of their marital status, should live freely and impartially without any distinction, exclusion or restriction on the basis of gender, aimed at equality of men and women, protection of human rights and fundamental freedoms in the political, economic, social, cultural, civil or any other field on the basis of their recognition, use or implementation.

Жер бетіндегі кез-келген адамның тең құқылығы, әлеуметтік әділдігі мен құқықтарының құрметтелуі демократиялық қоғамның маңызды негізі болып табылады. Іс жүзінде барлық әйел қоғамының қызмет салаларында, сондай-ақ практикалық тұрғыда ұшырайтын кемсітушіліктеріне жол берілмейді. Мұндай жағдай отбасында, қоғамда немесе жұмыс орнында кемсітушіліктің болуымен тікелей байланысты. Кемсітушіліктің себебі мен салдары әр елде әртүрлі болса да, бұл әйелдерге қатысты кең таралған құбылыс болып табылады. Бұл құбылыстың сақталуына әйелдердің рөлін төмендететін мәдени және діни салт-дәстүрлер мен ескі көріністердің болуы ықпал етеді. Әлемдегі әйелдердің жағдайын жақсарту шаралары бойынша жұмсалған ерен еңбектің арқасында ерлер мен әйелдердің экономикалық және әлеуметтік теңсіздігі туралы статистикалық деректер алынды.

1975 жылдан бастап әйелдердің олардың ішінде басым көпшілігі ауылдық кедей әйелдердің үлесі 50%-ға өсті. Ал әйелдердің ішіндегі сауатсыздарының саны 1970-1985 жылдар аралығында 543-тен 597 миллионға дейін көтерілді. Азия мен Африкада әйелдер ерлерге қарағанда аптасына он үш сағат көп жұмыс істейді, одан қала берді көп жағдайда еңбектеріне тиесілі еңбек ақы төленбейді. Әлемдік ауқымда сол жұмысты орындайтын ер адамдарға қарағанда әйелдердің жалақысы 30-40%-ға кем. Әйелдердің басқару және әкімшіліктік жұмыстарда немесе өндірісте 20%-дан азы жұмыс жасайды. Ал мемлекет басшыларының арасындағы әйелдердің үлесі 5%-дан аз. Егер ұлттық шоттар жүйесі бойынша ақы төленбейтін әйелдер жұмысы отбасындағы өндірістің бір түрі ретінде есептелсе, онда өндірістің жалпы көлемі 25-30%-ға ұлғайар еді.[1]

Теңдік тұжырымдамасы барлық адамдарға бірдей жүгінуден көрі әлдеқайда көп нәрсені білдіреді. Шынайы теңдікке тек қана түзетуге бағытталған күш арқылы қол жеткізуге болады. Әйелдердің адам құқықтарын тану және қамтамасыз ету теңдігінің кең тұжырымдамасы негізгі қағидат пен алға қойылған мақсат болып табылады. Осыны басты назарда ұстаған БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1979 жылы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияны қабылдады. Осы Конвенцияда барлық облыстарда заңды түрде қолданылатын халықаралық деңгейде келісілген императивтік нысандағы әйелдердің құқықтары туралы қағидаттар қамтылған. Конвенцияның негізгі құқықтық нормасы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлеріне тыйым салу болып табылады. Әйелдерге қойылатын талаптан басқа, ерлермен салыстырғанда тең құқықтар берілді.[2. 3-5 б.]

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияның 17-бабында әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою жөніндегі комитет құру туралы айтылған.[3, 5-бөл.] Оның мақсаты Конвенция ережелерін жүзеге асыру барысын қарау болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі адам құқықтары жөніндегі шарттардың сақталуын бақылау органдарының алтауының бірі ретінде комитет Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты бюджетінен қаржыландырылады және Бас хатшы оны тиімді жұмыс істеу үшін қажетті персоналмен, сонымен қатар жабдықтармен қамтамасыз етеді.

Комитет "осы Конвенция қамтитын салада жоғары моральдық қасиеттері мен құзыреттілігі бар" тұлғалар тізіміне енгізілгендердің ішінен жасырын дауыс беру арқылы сайланатын 23 сарапшылардан тұрады. Сарапшылардың үміткерлігіне қатысушы мемлекеттер өз азаматтарының ішінен бір адамды ұсына алады. Конвенцияда Комитет мүшелерін тандау кезінде "өркениеттің әр түрлі нысандарының, сондай-ақ негізгі құқықтық жүйелердің" әділ географиялық бөлінуін және ұсынылуын есепке алынады. Комитет мүшелерін олардың елдерінің үкіметтері ұсынып, қатысушы мемлекеттер сайласа да, олар өз елдерінің делегаттары немесе өкілдері ретінде емес, тәуелсіз сарапшылар ретінде өзі жеке әрекет етеді.

Сарапшылар өздерінің сайлауынан кейінгі жылдың қаңтар айының бірінші күні басталатын төрт жылдық мерзімге сайланады және төрт жыл өткен соң қызметі 31 желтоқсанда аяқталады. Олар қайта сайлануына мүмкіндік бар. Комитет мүшелерін сайлау Нью — Йорк қаласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық мекемелерінде Бас хатшы шақыратын әрбір екі жыл сайын Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің отырысында өткізіледі. Осы отырыста қатысушы мемлекеттер комитет мүшелерінің жартысына дауыс береді. Күтпеген бос жұмыс орындарын толтыру үшін, сарапшы комитет мүшесі ретінде жұмыс істеуін тоқтатқан қатысушы мемлекет комитет мақұлдаған жағдайда басқа сарапшыны тағайындайды.

Жалпы алғанда, 1982 жылы Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитетінің бірінші отырысы өткен сәттен бастап комитеттің мүшелерінің жалпы саны 97 сарапшыға жетті.

Комитет процедурасының ережелеріне сәйкес әділ географиялық бөліністі ескере отырып өз мүшелерінің ішінен Комитет төрағаны, төрағаның үш орынбасарын және баяндамашыны сайлайды. Комитеттің бюроларын құрайтын бұл лауазымды тұлғалар екі жыл мерзімге сайланады және "ротация қағидаты сақталған жағдайда" қайта сайлануы мүмкін.

Комитет отырыстары кезінде оның жұмысын бақылаумен қатар, төраға комитет ресми түрде қатысуға шақырылған Біріккен Ұлттар Ұйымының кеңестерінде комитеттің өкілі ретінде қатысады. Жыл сайын Комитет атынан Төраға Әйелдер жағдайы жөніндегі комиссияның, адам құқықтары жөніндегі комиссияның және Бас Ассамблеяның үшінші комитетінің жұмысына қатысады. Ол сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары туралы шарттардың сақталуын бақылау жөніндегі органдар төрағаларының жыл сайынғы кездесуіне атсалысады, онда Бас Ассамблеяға тиісті қызмет туралы баяндама ұсынуға тиісті. Төраға немесе оның өкілі комитетті Дүниежүзілік

конференцияларда, халықаралық деңгейдегі кездесулерде және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да іс-шараларында, сондай-ақ үкіметтер, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) ұйымдастыратын іс-шараларға қатысуға жиі шақырылады.

Конвенцияда оның ережелерін жүзеге асыруды қадағалай отырып, комитет өзінің құқықтық міндеттемелеріне сәйкес әрбір қатысушы мемлекет ұсынатын баяндамаларды зерттейді. Осы баяндамаларда Конвенция ережелерін іске асыру үшін қатысушы мемлекет қабылдаған заңнамалық, сот және әкімшілік шаралар сипатталады.

Конвенцияның 21-бабына сәйкес “Комитет қатысушы мемлекеттерден алынған баяндамалар мен ақпаратты зерделеу негізінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге уәкілетті”. Мұндай ұсыныстар Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшелеріне бағытталады, ал жалпы сипаттағы ұсынымдарды, әдетте, қатысушы мемлекет жібереді және олар Конвенцияның тараптары ретінде мемлекеттің өзіне алған міндеттемелерін ұстауға Комитеттің көзқарасын қалыптастырады.

Конвенцияға қосымша факультативтік хаттаманың негізінде комитеттің функциялары, сондай-ақ жекелеген хабарламаларды алуды және қарауды, Конвенцияға қатысушы мемлекеттің Конвенцияда жазылған құқықтарды елеулі түрде бұзғандығы туралы куәландыратын шынайы фактілерді тексеруге міндетті.

Конвенцияның 20-бабының 1-тармағында Комитет жыл сайын өзінің кезекті сессияларын, әдетте, екі аптадан аспайтын кезең ішінде өткізеді деп көзделеді. Алайда Бас Ассамблеяның кейінгі шешімдері Комитет сессияларын өткізу уақытын ұзартқан.

Қазіргі уақытта комитет жыл сайын ұзақтығы үш апта болатын екі сессияны, әдетте, қаңтар және маусым немесе шілдеде өткізеді. Комитеттің қарауына ұсынылған жинақталған баяндамаларды тез зерттеу үшін Бас Ассамблея өзінің 2001 жылғы елу алтыншы сессиясында 2002 жылы тамызда өткен комитеттің үшінші сессиясын ерекше деп бекітті.

1995 жылдан бастап Конвенцияға қатысушы үш мемлекет Комитетке бейресми кездесулер өткізуге мүмкіндік берді. Комитеттің бейресми отырыстары Мадридте, Испания, 1995 жылы, Берлинде, Германия, 2000 жылы және Лунде, Швеция, 2002 жылы өтті.

Комитет:

- Мадридтегі отырыста әйелдер мәселелері бойынша төртінші Дүниежүзілік конференция жұмысын аяқтады;

- Берлиндегі отырыста өзінің ережелерін қайта қарауды аяқтады;
- Лундағы отырыста өз жұмыс әдістеріне өзгерістер енгізуді бекітті.

Парламент халық өкілі ретінде Комитеттің жұмысы туралы хабардар болуы тиіс, олар өзінің заң шығару қызметіндегі нәтижелерін ескеруі және ол туралы өз сайлаушыларын да, сондай-ақ қалың бұқараны да хабардар етуі керек.

Осыған байланысты сіз:

- сіздің еліңіздің үкіметінен ақпарат сұрай отырып, сіздің мемлекетіңіз бен комитет арасындағы ынтымақтастықтың жай-күйін тексеру. Осы тақырып бойынша нақты сұрақпен Үкіметке жүгінуге болады;

- комитеттің жұмысы туралы Парламенттің хабардар болуын қамтамасыз ету;

- тиісті ақпарат Парламентке көмекші парламенттік қызметтер арқылы тұрақты түрде берілетініне көз жеткізу қажет. Комитеттің жұмысы туралы ең соңғы ақпаратты веб-сайттан табуға болады.

- қатысушы мемлекет ретіндегі міндеттемелерге байланысты, сондай-ақ басқа да тиісті мәселелер бойынша Үкімет алатын ақпарат Парламенттің назарына жеткізілуіне ұмтылуға тиіс. Егер қажет болса, Үкіметке сұрақтар қою керек;

- сондай-ақ, егер Сізге оның жұмысы туралы нұсқаулықтар немесе ақпарат қажет болса, Комитет хатшылығымен байланыс орнатуға болады; егер Комитет сарапшыларының бірі сіздің елдің азаматы болып табылса, оған нұсқау немесе көмек көрсету үшін жүгіну қажет;

- сіздің мемлекетіңіз бен комитет арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында Нью-Йорктегі сіздің еліңіздің тұрақты өкілдігін комитеттің жұмысын қадағалау

мүмкіндігі туралы сұраңыз және қажет болған жағдайда, оған тиісті ұсыныспен хабарласыңыз.

Қорыта айтқанда, 1979 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны әйелдер құқықтары туралы халықаралық Билль деп жиі атайды. Кіріспеден және 30 баптан тұратын Конвенцияда әйелдерге қатысты кемсітуді құрайтын іс-әрекеттер айқындалған және мұндай кемсітуді жою үшін ұлттық деңгейде іс-қимыл жоспары белгіленген. Конвенцияға сәйкес әйелдерге қатысты кемсітушілік "...әйелдердің отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқылығы, адам құқықтары мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген басқа саладағы негізгі бостандықтары негізінде олардың мойындауына, пайдалануына немесе жүзеге асыруына бағытталған жыныстық белгісі бойынша кез келген айырмашылық, алып тастау немесе шектеу" дегенді білдіреді.[4, 3-тар.]

Қазақстан осы Конвенцияға 1998 жылғы 29 маусымда тиісті заңның қабылдануымен қосылды.

Қазақстан осы Халықаралық конвенцияға қосыла отырып, әйелдерге қатысты кемсітуді жою саясатын жүргізуге, яғни әйелдерге қатысты кез келген кемсітушілікке тыйым салатын тиісті заңнамалық актілерді қабылдауға, әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңды қорғауды қамтамасыз етуге, соттардың және басқа да мемлекеттік мекемелердің көмегімен кез келген кемсітушілік актісіне қарсы әйелдерді тиімді қорғауды қамтамасыз етуге, қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптар мен практиканы өзгерту немесе жоюға қатысты заңнамалық білдіреді.

Қазіргі уақытта гендерлік саясат жоғарыда аталған міндеттемелерді республиканың атқаратынын куәландырады, өйткені саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен ілгерілеуі қамтамасыз етілген. Әйелдер саяси және басқа салаларда да, тіпті, әскери істе де белгілі бір табыстарға жетті.

Қазіргі кезде қоғам қыздарды зорлау, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері, әйелдерді сату және қанау фактілері қоғамның назарынан тыс қалмауы және заң бойынша қатаң жазалануы тиіс, егер әйел күйеуінің қалауы бойынша үйде отырмаса, жұмыс істейтін болса, қоғамда саңырау болып есептелмейтін жағдайда, Қазақстан өз тарапынан тиісті шаралар қабылдаудың оң динамикасын куәландырады.

Конвенцияның жеке баптары ауылдық жерлерде тұратын әйелдер кездесетін проблемаларға арналған. Конвенциямен өздерінің отбасыларының экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, оның ішінде шаруашылықтың тауарлы емес салаларындағы олардың қызметін атқаратын әйелдердің елеулі рөлі атап өтіледі және қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның ережелерін ауылдық жерлерде тұратын әйелдерге қолдануды қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдауы тиіс екендігі бекітілді.[5]

Аталмыш Конвенция әйел затының жер бетіндегі тең құқылығын, сонымен қатар өзге де еркін өмір сүруге қажетті құқықтары мен міндеттерін қорғайтын бірден-бір құжат болып табылады. Комитет осы конвенцияның негізінде қызмет ете отырып, БҰҰ-на қарасты қатысушы-мемлекеттердің осы мақсатта бірлесе еңбек етуін қадағалауда.

Әйелдердің адам құқықтары-адам құқықтарының құрамдас және бөлінбейтін бөлігі. Саяси, азаматтық, экономикалық, қоғамдық және мәдени өмірдегі әйелдердің толық және теңқұқылы әрекет етуі, сондай-ақ ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде жыныстық белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандарын жою халықаралық қоғамдастықтың бірінші кезектегі мақсаты болып табылады.[6]

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. The World's Women 1970-1990: Trends and Statistics(United Nations publication, Sales No. E.90.XVII.3).
2. <https://www.ohchr.org/Documents/Publications/FactSheet22ru.pdf>

3. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин (принята резолюцией 34/180 Генеральной Ассамблеи от 18 декабря 1979 года)  
[https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/cedaw.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cedaw.shtml)
4. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин и Факультативный протокол к ней  
[https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/cedaw\\_handbook/ch3.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cedaw_handbook/ch3.shtml)
5. Речь судьи суда г.Астаны Ш.Т.Ергалиева - 20 октября 2017, 16:42  
<https://www.zakon.kz/4884409-konventsiya-o-likvidatsii-vseh-form.html>
6. Приняты на Всемирной конференции по правам человека (Вена, 25 июня 1993 года) (A/CONF.157/24, Часть I, глава III).  
[https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/viendec93.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/viendec93.shtml)